**8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау «6D010300/8D01101 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Тойбекова Багдат Абдуллаевнаның «Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

| № | Өлшемшарттар | Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу) | Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету) |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 4-тарау, 1-бабында: «Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке адамның өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады» деп көрсетіледі. Құжатта көрсетілгендей, орта мектеп оқушы тұлғасына қойылатын талаптар тұлғаралалық жоғарғы мәдениетті қалыптастыруда өзін-өзі дамытуы, білімдендіруі болашақтағы бағдарын анықтауға міндеттейді. Осы ретте жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың тұлғасын жан-жақты қалыптастырудағы идеяларымызды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. субъективті Сондай-ақ, оқушы тұлғасындағы әлеуметтік қасиеттердің жиынтығын, яғни өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық педагогикалық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан жақты сипаттаудағы басты түсінік дейтін болсақ, бұған Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы негізге алынады, өйткені аталмыш құжатта: «...мектептерге арналған оқыту бағдарламаларын енгізу арқылы білім беру бағдарламаларының құрылымын жетілдіру» деп беріледі. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі білім беру жүйесінің мақсаты, мазмұны мен технологияларының нәтижесіне қарап бағалайды. Қазіргі кезеңде білім берудің мақсаты тек қарапайым білім, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке, ақпаратты өздігінен табу, талдау мен ұтымды пайдалану, жылдам өзгермелі әлемде лайықты өмір сүру үшін жастарды қаруландыратын түйіндік құзыреттерді қалыптастыру болып табылады. Заман талабына сәйкес бүгінгі таңда әр адамға қажетті бес базалық құзыреттердің қатарында бірнеше тілді меңгеруді талап ететін ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай білу қабілетін қамту қарастырылған. Бұл 6 дегеніміз полилингвалды тұлға қалыптастыру міндетін алға тартады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Б.А. Тойбекованың диссертациялық жұмысы өзекті болумен қатар білім мен ғылымды дамытудағы мемлекеттік бағдарламалармен тығыз байланысты жұмыс болып табылады. |
| | | 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);<br>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);<br>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді. | Б.А. Тойбекованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.<br>Диссертациялық жұмыс 8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау («6D010300/8D0110 – «Педагогика және психология») бағыты бойынша ұсынылған. |
| 2. | Ғылым үшін маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Диссертанттың зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми-тәжірибелік жетістіктері педагогика ғылымының, **соның ішінде** жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру**ға елеулі үлес қосады**.<br>*Біріншіден,* «жалпы білім беретін мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың теориялық негіздері» деп аталатын бірінші бөлімде философиялық, педагогикалық, психологиялық және әдістемелік зерттеулерді талдау негізінде «полилингвалды тұлға», «оқушының полилингвалды тұлғасы» ұғымдарының мәні, оқушыларның полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың педагогикадағы мән-жайы сипатталды. Сондай-ақ, оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастырудағы коммуникативтік іс- әрекеттің жетілдірудің теориялық негіздері анықталды.<br>*Екіншіден,* диссертанттың зерттеуі арқылы ғылымға қосқан келесі үлесі -«жалпы білім беретін орта мектепте полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері» деп аталатын екінші бөлімде оқушылардың полилингвалды тұлға ретінде қалыптасуын қамтитын педагогикалық шарттары анықталады, жалпы орта білім беру жағдайында сабақтан тыс жұмыстар негізінде оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың мазмұндық- |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | құрылымдық моделі негізделеді.<br>*Үшіншіден,* «Жалпы білім беретін орта мектеп жағдайында оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру әдістемесі және оны жүзеге асыру» атты үшінші бөлімде бүгінгі таңдағы жалпы білім беретін мектепте оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастыру үдерісінің қазіргі жай-күйі мазмұндалады, сабақтан тыс жұмыстар негізінде оқушылардың коммуникативтік іс-әрекеттерін ұйымдастыру әдістемесі нақтыланып, соған сәйкес ұйымдастырылған тәжірибелік-педагогикалық эксперимент мазмұны сипатталады.<br>*Төртіншіден,* жалпы білім беретін мектепте полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталып, ұсынылған әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент барысында тексерілді және дәлелденді. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған. | Зерттеу жұмысы дербес орындалған, өзекті проблеманың шешімін қарастырған, толық және аяқталған біртұтас жұмыс болып табылады. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі **жоғары.** Барлық талданған ақпараттар дербес әрі түсінікті, мағыналық құрылым сақталған. |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>1) негізделген;<br>2) ішінара негізделген;<br>3) негізделмеген. | Диссертация өзектілігінің **негіздемесі** полилингвалды тұлғаны қалыптастыруға деген қоғамнын сұранысы мен бұл мәселенің қазіргі мектеп тәжірибесіндегі нақты жағдайы аталмыш мәселені теориялық және әдістемелік тұрғыда жетілдіру керектігін нақтылай түсті. Бүгінгі күнге дейін жинақталған полилингвалды білім беру теориясы мен тәжірибесі жалпы білім беретін орта мектептегі сабақтан тыс жұмыстарын ұйымдастыру негізінде оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру мәселесі арнайы қарастырылмаған. Яғни, оқушыларды полилингвалды тұлға ретінде қалыптастыруда коммуникативтік іс-әрекеттің мәні мен мазмұнын және құрылымын теориялық негіздеу қажеттілігі;полилингвалды білім беру тәжірибесінде жинақталған жетістіктер мен кемшіліктердің анықталмауы және олардың жалпы білім беретін орта мектеп тәжірибесінде ескерілмеуі;бұл мәселені мектептегі сабақтан тыс жұмыстар арқылы жүзеге асыру қажеттілігі мен арнайы теориялық және әдістемелік зерттеулердің жеткіліксіздігінен қарама-қайшылықтардың бар екені анықталды. Осы анықталған қарама-қайшылықтардың шешімімін іздестіру мәселесін нақты айқындауға зерттеу жұмысымыздың тақырыбын «Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды |

| | | |
|---|---|---|
| | | тұлғасынқалыптастыру» деп таңдауымызға негіз болды. |
| | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:<br>1) айқындайды;<br>2) ішінара айқындайды;<br>3) айқындамайды. | Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық **айқындайды.**<br>Диссертацияда зерттеу процесінің барлық компоненттері толық қамтылған. |
| | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>1) сәйкес келеді;<br>2) ішінара сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді. | Зерттеу жұмысында қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына **сәйкес келеді,** мақсат-міндеттердің орындалуы зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды. |
| | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:<br>1) толық байланысқан;<br>2) ішінара байланысқан;<br>3) байланыс жоқ. | Зерттеу жұмысының бөлімдері мен құрылымы бір-бірімен логикалық жағынан **толық байланысқан.** Бөлімдер өзара тығыз байланыста, сабақтастырыла берілген. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, диссертацияда қойылған мақсат-міндеттерді шешуге арналған. |
| | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) сыни талдау бар;<br>2) талдау ішінара жүргізілген;<br>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;<br>4) талдау жоқ. | Автор ұсынған жаңа шешімдер (қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, «этнопедагогикалық дәстүрлер», «қазақ этнопедагогикалық дәстүрлері негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау» түсініктерінің мазмұнын анықтау, құрылымын нақтылау, оның құрылымдық-мазмұндық моделін және әдістемесін жасау, тәжірибелік-эксперимент нәтижелері) ғылыми негізделіп, сандық, сапалық және **сыни талдау арқылы** дәлелденіп, бұрыннан бар шешімдермен салыстырылып, бағаланған.<br>Автор ұсынған жаңа шешімдер зерттеудің теориялық негізі тұрғысынан «оқушының полилингвалды тұлғасы» ұғымының мәні нақтыланды және оқушының полилингвалды тұлғасына сипаттама берілді; жалпы білім беретін мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалды; оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың құрылымдық- мазмұндық моделі жасалынды және ол теориялық тұрғыдан дәлелденді; жалпы білім беретін мектепте полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталып, ұсынылған әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент нәтижелері ғылыми |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | негізделіп, сандық, сапалық және **сыни талдау арқылы** дәлелденіп, бұрыннан бар шешімдермен салыстырылып, бағаланған. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Докторант Б.А.Тойбекованың зерттеу жұмысында ұсынған ғылыми нәтижелері мен қағидаттары **толығымен жаңа** болып табылады.<br>Бірінші ғылыми нәтижесі – полилингвалды тұлға ұғымына, бірнеше тілді меңгерген, қоршаған өмірге жаңаша оймен қарайтын, коммуникативтік және мәдениетаралық өзара қарым-қатынасқа бейімділік қасиеттері ендірілді. Осыған байланысты «оқушылар полилингвалды тұлғасы» ұғымының мәні мен құрылымы; қалыптасуының анықталған деңгейлері**толығымен жаңа** болып табылады.<br>Екінші ғылыми нәтижесі – жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың теориялық моделін негізін құрайтын мақсаттық, мазмұндық, диагностикалық-нәтижелік компоненттері және оларды жүзеге асырудың әдістері, құралдары мен формалары.**толығымен жаңа** болып табылады.<br>Үшінші ғылыми нәтиже – жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың педагогикалық шарттары: оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастуруындағы коммуникативтік іс-әрекет көрсеткіштерін есепке алу; пәннен алған білімді (ана тілі), тілдік бірліктерді өз ойын жеткізу тәсілдеріне айналдыру, тілдік құрал ретінде пайдалану; сабақ пен сабақтан тыс аясында сөйлеу тапсырмаларын құрылымдау және олардың кезеңдерін анықтау; оқушылардың субьективтік белсенділігінің дамытылуы **толығымен жаңа** болып табылады.<br>Төртінші ғылыми нәтиже – жалпы білім беретін орта мектептің сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру барысында оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру әдістемесі және тәжірибелік-эксперименттік нәтижелері **толығымен жаңа** болып табылады. |
| | | 5.2Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Диссертацияның қорытындылары **толығымен жаңа** болып табылады. Диссертацияның негізгі қорытындылары төмендегідей:<br>- *бірінші қорытынды:* зерттеудің теориялық негізі тұрғысынан «оқушының полилингвалды тұлғасы» ұғымының мәні нақтыланды және оқушының полилингвалды тұлғасына сипаттама берілді.Бұл қорытынды толығымен жаңа болып табылады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | - *екінші қорытынды* бойынша докторант жалпы білім беретін мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалды; Бұл қорытынды **толығымен жаңа** болып табылады. - *үшінші қорытынды* ретінде диссертант оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың құрылымдық- мазмұндық моделі жасалынды және ол теориялық тұрғыдан дәлелденді; Бұл қорытынды **толығымен жаңа** болып табылады.<br>- *төртінші қорытынды бойынша* жалпы білім беретін мектепте полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталып, ұсынылған әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент барысында тексерілді және дәлелденді **толығымен жаңа** болып табылады. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);<br>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | Диссертант ұсынған жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру **толығымен жаңа** және негізделген болып табылады.Бұл зерттеу жұмысы барысында жасалған тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдарымен расталады.. |
| 6. | Негізгі қорытынды лардың негізділігі | Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін). | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелермен **негізделген** және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі ережелер | Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:<br>7.1 Ереже дәлелденді ме?<br>1) дәлелденді;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді;<br>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ; | Докторант Б.А.Тойбекованың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға ұсынылған төрт қағидатты атап өтуге болады:<br>1) Полилингвалды тұлға ұғымына, бірнеше тілді меңгерген, қоршаған өмірге жаңаша оймен қарайтын, коммуникативтік және мәдениетаралық өзара қарым-қатынасқа бейімділік қасиеттері ендірілді. Осыған байланысты «оқушылар полилингвалды тұлғасы» ұғымының мәні мен құрылымы; қалыптасуының анықталған деңгейлері **дәлелденген, тривиалды емес**, зерттеу пәні туралы **жаңа** білімді ұсынады, алдағы уақытта қолдану ауқымы **кең** және бұл Designing of polylingual personality formation in a modern comprehensive school American Journal of Applied Sciences Applied Sciences Journal (Indexed by SCOPUS). ISSN 1546-9239 ISSN: 1554-3641 **Vol. 13-Iss. 11-P 1119-1128,** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ;<br>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) кең<br>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>1) ия;<br>2) жоқ<br>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. | **2016. Publications** Multidisciplinary 78-й. атты мақаласында көрініс тапқан<br>2)Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың теориялық моделін негізін құрайтын мақсаттық, мазмұндық, диагностикалық-нәтижелік компоненттері және оларды жүзеге асырудың әдістері, құралдары мен формалары алынған. Бұл қағидат **тривиалды емес** және The formation of a polylingual personality in the school system of Kazakhstan Cypriot Journal of Educational Sciences 31 December (2021): p.3255-3265.ISSN 1012-1587. Education – 36-й https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.085123064353&origin=resultslist&sort=plf-f&src=s&sot=b&sdt=b&s=TITLE-ABS-KEY%28The+formation++of+a+polylingual+personality+in+the+school+system+of+Kazakhstan%29. мақаласында **дәлелденген.**<br>3)Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың педагогикалық шарттары: оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастуруындағы коммуникативтік іс-әрекет көрсеткіштерін есепке алу; пәннен алған білімді (ана тілі), тілдік бірліктерді өз ойын жеткізу тәсілдеріне айналдыру, тілдік құрал ретінде пайдалану; сабақ пен сабақтан тыс аясында сөйлеу тапсырмаларын құрылымдау және олардың кезеңдерін анықтау; оқушылардың субьективтік белсенділігінің дамытылуы **тривиалды емес**, жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру **кең** және The experience of organizing pupils' communicative activity through extracurricular works // Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2018. - №1(89). - Б.104-110.https://pedagogy-vestnik.buketov.edu.kz/index.php/pedagogy vestnik/issue/view/53/54 атты мақаласында **дәлелденген.**<br>4)Жалпы білім беретін орта мектептің сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру барысында оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру әдістемесі және тәжірибелік-эксперименттік нәтижелері **дәлелденген, тривиалды емес**, **жаңа**, және ауқымы **кең,** ерекшеліктері // Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Педагогика және психология журналы. – 2015. - №3(24). – Б. 132-135. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | https://journalpedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/issue/view/25/24атты мақаласында **дәлелденген.**<br><br>Зерттеу нәтижелері автордың 16 ғылыми жарияланымында көрініс тапқан. Оның ішінде 3 мақала Web of Science және Scopus халықаралық деректер базасы тізіміндегі ғылыми журналдарда, 5 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 7 мақала жақын және алыс шет елдерде өткізілген халықаралық-практикалық конференция материалдарында, 1 оқу құралы) жарияланған. |
| 8. | Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:<br>1) иә;<br>2) жоқ. | Докторант Б.А.Тойбекованың диссертациялық жұмысындағы материалдар дәйектілік ұстанымына және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген.Зерттеудің теориялық негізінде полисубъектілік, аксиологиялық, жүйелік, тұтас, тұлғалық-қайраткерлік, мәдениеттанымдық, антропологиялық, акмеологиялық, полилингвалд тұғырлар алынған. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>1) иә;<br>2) жоқ. | Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып, алынған.<br>Зерттеу нәтижелері өңделіп, компьютерлік технологияның көмегімен диаграммалар құрылған. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>1) иә;<br>2) жоқ. | Теориялық тұжырымдар Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласының М.Х.Дулати атындағы үш тілде оқытатын №8 гимназияда, №25 Т.Рысқұлов атындағы мектеп гимназиясында, Түркістан облысы, Мақтарал ауданы №42 С.Қожанов атындағы жалпы орта мектептерінде тәжірибелік-эксперимент жұмыстары дәлелденген. Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетеді Экспериментке 8-9-шы сыныптардан 291 оқушы қатысты. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған. | Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру қатысты психологиялық, педагогикалық, этнопедагогикалық, философиялық еңбектер, ҚР нормативтік-құқықтық құжаттары, отандық және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | алыс- жақын шетелдік ғалымдардың еңбектері, оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулықтар Scopus, Web of Science деректер қорына енетін журналдар, ҚР ҒжЖБ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған материалдарға сілтеме жасау арқылы **расталған.** |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз. | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын және сенімді дереккөздер саны 206 әдебиетті құрайды. |
| 9 | Практикалық құндылық қағидаты | 9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:<br>1) бар;<br>2) жоқ. | **Диссертацияның теориялық маңызы бар:**<br>- зерттеудің теориялық негізі тұрғысынан «оқушының полилингвалды тұлғасы» ұғымының мәні нақтыланды және оқушының полилингвалды тұлғасына сипаттама берілді;<br>- жалпы білім беретін мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалды;<br>- оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың құрылымдық- мазмұндық моделі жасалынды және ол теориялық тұрғыдан дәлелденді;<br>- жалпы білім беретін мектепте полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың педагогикалық шарттары анықталып, ұсынылған әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент барысында тексерілді және дәлелденді. |
| | | 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>1) иә;<br>2) жоқ. | **Диссертацияның практикалық маңыздылығы бар:** Зерттеудің жұмысының практикалық маңыздылығын зерттеудің теориялық қорытындылары мен ғылыми–әдістемелік нұсқаулары жалпы білім беретін орта мектепте оқу-тәрбие үдерісінде полилингвалды тұлғаларды қалыптастыруға септігін тигізеді. Автор жасалған және тәжірибеден өткен 8-9 сынып оқушыларына арналған «Тілдер әлемі» факультативтік курс бағдарламасы мен сөйлеу тапсырмалар жүйесі, сонымен қатар, зерттеу барысында алынған нәтижелер және олардың негізінде тұжырымдалған педагогикалық ұсыныстар, «Мектеп оқушыларын көптілдікке баулу әдістемесі» атты оқу құралы, жалпы білім беретін орта мектепте және ЖОО-да болашақ мұғалімдерді даярлауда, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау мекемелері тәжірибесінде қолданылуы мүмкіндігі **жоғары.** |
| | | 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); | Зерттеу жұмысы аясындағы практикалық ұсыныстар:<br>1. Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлға ретінде |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). | қалыптасуын қамтитын педагогикалық шарттары анықталады, жалпы орта білім беру жағдайында сабақтан тыс жұмыстар негізінде оқушының полилингвалды тұлғасын қалыптастырудың мазмұндық-құрылымдық моделі жасалып, педагогикалық білім беру жүйесінде қолдануға ұсынылған. Бұл модель жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.. Ұсынылған практикалық шешімдер толығымен жаңа.<br>2. Жалпы білім беретін орта мектепте оқу-тәрбие үдерісінде полилингвалды тұлғаларды қалыптастыруға септігін тигізеді. Автор жасалған және тәжірибеден өткен 8-9 сынып оқушыларына арналған «Тілдер әлемі» факультативтік курс бағдарламасы мен сөйлеу тапсырмалар жүйесі, сонымен қатар, зерттеу барысында алынған нәтижелер және олардың негізінде тұжырымдалған педагогикалық ұсыныстар, «Мектеп оқушыларын көптілдікке баулу әдістемесі» атты оқу құралы, жалпы білім беретін орта мектепте және ЖОО-да болашақ мұғалімдерді даярлауда, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау мекемелері тәжірибесінде қолданылуы мүмкін толығымен жаңа.<br>3. Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу барысында зерттеудің ғылымилығы негізделіп, жалпы орта білім беру жағдайында полилингвалды тұлғаны қалыптастырудың теориялық моделі жасалды, оның өлшемдері мен көрсеткіштері айқындалып, соған сәйкес деңгейлері анықталды. Жалпы білім беретін орта мектеп жағдайында полилингвалды тұлғаны қалыптастыру әдістемесі даярланды және тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілді, ұсыныстар берілді. қорытынды: эксперименттік жұмыс барысында алынған барлық мәліметтердің қорытындысы шығарылды. Зерттеу нәтижелері талқыланып, статистикалық-математикалық өңдеу жұмыстары жүргізілді, диссертацияны талапқа сай рәсімдеу жүзеге асырылды. |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) орташа;<br>3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | Академиялық жазу сапасы **жоғары**. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді. |
| 11. | Диссертацияға ескертулер | | Жалпы алғанда, диссертациялық жұмыс сауатты жазылған. Тек кейбір стильдік және техникалық қателер кездеседі. |
| 12. | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі | | Б.А.Тойбекованың диссертациясы аясында жүргізілген зерттеулерінің негізгі нәтижелері талапқа сәйкес тиісті журналдар мен басылымдарда жарияланған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді) | | Мақалаларының мазмұны диссертация тақырыбынан ауытқымайды. |
| 13. | Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес) | | «Жалпы білім беретін орта мектепте оқушылардың полилингвалды тұлғасын қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін Тойбекова Багдат Абдуллаевна 8D013 - Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010300 – «Педагогика және психология») мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын. |

**Ресми рецензент:**
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы М.А.Абсатова

КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫ
УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ

РАСТАЙМЫН: «Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ: РУКОВОДИТЕЛЯ УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ НАО «КазНПУ им Абая»
ҚОЛЫ
ПОДПИСЬ________________